

сипатталған. Халқына деген қалтқысыз қызмет солардан жұққан. Ертегілік элемент тарихи эпоста тек жекпе-жек, жаппай шабуылдар кезінде ғана байқалады. Оның батырлық жырлар арқылы келгендігіне күмән жоқ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бердібаев Р. Қазақ эпосы (жанрлық және стадиялық мәселелер). – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
2. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар, 2007. – 381 б.
3. Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы). – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 320 б.

ӘОЖ 1751

С. ЖҮНІСОВТИҢ «АҚАН СЕРІ» РОМАНЫНДАҒЫ ЗАМАНА БЕЙНЕСІ

Жақсылықова Назерке Ерланқызы

nazerke_zhaqsylyqova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің магистранты, Нұр-Сұлтан қ-сы., Қазақстан Республикасы.

Ғылыми жетекшісі: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент – Қ. Кеменгер.

XIX ғасыр орыс және қазақ халықтары үшін арпалысты, жанталасқа толы сын ғасыры болды. Дегенмен, Ресей әдебиет зерттеушілерінің сараптау жөнімен XIX ғасырдың екі ширегін «Орыс әдебиетінің алтын ғасыры», «Орыс әдебиетінің күміс ғасыры» деп атау ұғымдары қалыптасқан. Ал қазақ әдебиетінде XIX ғасырды толықтай «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп тану үлгісі бар. Бір жағынан, бұл – тарихи шындық. Қоғамдағы тарихи ахуал, әлеуметтік жағдаяттар, қазақ ортасына келген жаңалықтар мен дүрбелеңдер ұят санасына әсер етті де, тұрмысы мен мәдениетіне, жан дүниесіне ықпалын тигізді. Осындай аса шырғалаң, алмағайып сындарлы кезеңде әдебиеттің де ширап, жаңа тыныс ашып, тыңнан соқпақ түсіруі – заңдылық. Бұл орайда, қазақ әдебиетінің тарихына сараптап талдай түсетін жаңа беттер қосылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында дәстүрлі классикалық әдебиет ағымы, жыраулық поэзия, айтыс, әнші, ақындар мен сал-серілік өнер айтарлықтай қарқынды дами бастады. Олардың ішінде сал-серілер шығармашылығы – өзіндік көркем заңдылықтарын сақтай отырып, заман тынысын үндеп, әдебиет ағысына жаңа толқын болып ілесті. Әрбір сал-серілердің көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы, көркем ойлау қабілеті өзгеге ұқсамайтын өрнектерімен ерекшеленді. Олардың барынша ортақ бір мәселесі – өз шығармалары арқылы заман шындығын, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, әділетсіздікті шыншылдықпен жырлау болды. Олар өздерінің айналасындағы жағдайды жіті көре білді, ойларын батыл айтып отырды. Осы сөзімізге дәлел зерттеуші, әдебиет сыншысы Тұрсын Жұртбайдың: «Көшпенділердің көркем кеңістік мен рухани тілі, тіршілік табиғаты XIX ғасырдың екінші жартысында сал-серілерді өнер сахнасына шығарды», - деген келелі ойын айта аламыз [1, 126 б].

Халқымыздың өткендегі өнер иелерінің ішіндегі ең бір ерекше, айқын тұлғаларының бірі, атақты ақын, асқан әнші-композитор – Ақан сері Қорамсаұлы. Ақан серінің әдеби мұрасының да мәні ерекше. Оның жастықты, махаббатты жырлаған, әлеуметтік мәселелерді, дүние жайын толғаған, адамгершілік пен достықты суреттеген ғибрат өлеңдері мен толғауларының қазақ әдебиеті тарихында белгілі орны, өзіндік салмағы бар.

XIX ғасырда Арқа өңірінде даланы ән мен жырға бөлеп, небір дүлдүлдер дүниеден өтті. Ойшыл ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Заманының сұңқары, қызыл тілдің ділмары, жігіттің құлшы жібегі, сөздің ағытылған тиегі [2, 158 б]», - деп тамаша баға берген Ақан сері де осы дәуірде өмір сүрген. Ақан сері шығармашылығы – халқымыздың өнер әлеміне қосылған сарқылмас қазына. Күні бүгінге дейін қазақ сахнасында шырқалып келе жатқан Ақан серінің өз әндері секілді өмірі де сұлу, ғибратты деп білеміз.

Ақан сері – ойын-сауықтың, той-думанның гүлі. Әрі шешен, әрі тапқыр, әрі кесіп айтатын турашыл болған. Халықтың жуан ортасында қаздай қалқып, қасына жыршы ақындарын, әнші-күйшілерін, ойыншыларын, домбырашыларын, палуандарын ертіп, топ құрап тізіліп жүрген. Сөйтіп толқыта Ақан жырлаған, байтақ дала тыңдаған. Кесте тіккен қырдағы, қызғалдақ қыздар сүйсінген. Құрт қайтатқан, бие сауған, сырмақ тоқыған, тезек терген әйелдер де, жидек терген жеткіншектер де, мал баққан, аңға шыққан, аран салған, шөп шапқан ерлерде сүйегі балқып, жүрегі толқып, қиялы шалқып құлай берілген [3, 111 б].

1960-80 жылдары қазақ әдебиетінде өнер адамдары туралы романдар көп жазылды. Олар ұлы жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы дәстүрін жаңғыртып, байытқан үрдістің заңды жалғасы іспеттес. Бұл қатарда ерекше көзге түскен романдардың бірі – Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» роман дилогиясы еді.

Романның композициясы Сырымбет саласында, Қаратал қойнында, Ерейментау баурайында деген бөлімдері бір оралымға үйлеседі. Көшкен ауыл, көгілдір аспан, айлы түн, ойын-той, палуан күрес, әзіл-күлкі, алтыбақан, табиғат аясында сырласу, Ақан сері әндері мен жырларының шығарылуы – бәрі де өз қалауын тапқан.

Шығарманың басындағы Ақан сері сұлу қыз, жүйрік ат, сергек ортаны аңсайтын ақиық тұлға ретінде танылады. Сері үшін дәуір зұлымдығы, топ тоғышарлығы аз соққы болып тимегендігін жазушы үлкен тебірініспен жеткізген. Сол арқылы Ақан сері ел аузындағы қызық қуып, қыз құшуды ғана маңсұқ еткен желкөңіл Ақан емес, қоғам тартысын, замана зәбірін, сергек сезінген қайраткер, күрескер тұлға дәрежесіне көтерілген. Бұл арада Сәкен Жүнісовтің мотивировкасы (уәждеме) мығым, қалың оқырманға сенімді.

Жазушы тілінің байлығы мен көңілге қонымды ашықтығы осы «Ақан сері» дилогиясында айрықша көзге түседі. Ол сөйлем құрауда тіл байлығын өлшеп-пішіп, жалаң түрде қолданбай, бар ой-пікірін бір арнаға лықсыта төгіп, мазмұнның ішкі астарын беру арқылы айтқысы келгенін екінші, үшінші мағынада шығарып көрсетсе, керісінше, Ақанның Құлагерге деген көзқарасынан оның өзінің бүкіл бітім-болмысын, не оны төңіректеген өзге жұрттың бет-бейнесін, қимыл-әрекетін айқын ашады. Құлагердің үстіне Ақтоқтының өзі тіккен әдемі жамылғыны әкеп жабу суреті аясында талай көрініс сыйып тұр. Қолынан аса қымбат сәнді жабу шыққан Ақтоқтының мерейлі, нұрлы жүзі де, оны шаттана қабылдап тұрған ер көңіл Ақан сері де, тіпті Құлагердің керілген әсем бейнесі мен мінез ерекшеліктері де көңіл тоғайтады.

Уақыт рухын, заман ағысын өзінше ұғынбақ болған, халқының тағдыры мен болашағы жайында әр алуан ойға шомған Ақан аталған тақырыптарға қатысты мол көсілді. Солардың ең көлемдісі – «Заман ағымы» атты ұзақ толғау өлең. Бұл шығармасында Ақан өзінің шартты түрдегі кейіпкеріне, заман адамына мінездеме береді. Ақан оны:

Жұпар мен гүл майының иісін білмес,

Зұлматтың тұмауымен біткен мұрны.

Іші зұлмат болған соң керегі жоқ,

Қаншама болсадағы жүзі нұрлы [4, 342 б], - деп суреттейді. Бұдан әрі өтірік білгішсініп, батырсынып қоқиланатындығын, пәле іздеп, жанжал қуатындығын, еш нәрсе ілмесе де, сұңқармын деп кеуде қағатындығын әжуалайды. Ал бұл мысалымыз романда да нақты оқиғалармен бейнеленіп отырады. Дүмше молдалардың ел арасын бүлдіруі, надандардың өнерді былғап, болмаса да ұқсап бағып, ел арасында мазаққа айналу ирониялары да белгілі. «Екі

әйелдің бағана кіре бере күлгендері де осы еді. Қара әйел бүкіл Көкшеге әйгілі Ожан серінің жамағаты. Біржан, Ақан сияқты сал-серілерге «мен де олардан кем емеспін» деп еліктеп, әуре боп жүрген бір жан. Алдында мың қаралы малы бар Ожан неше түрлі әлеміш киіп, ел аралайды. Барған жерде аттан құлап, қашан үйге көтеріп кіргізгенше шалқасынан түсіп, тырайып жатып алады екен. Үйге кіргендегі кәсібі де сол. Еліне аттанарда жұрт жабыла кілеммен көтеріп, қолтығынан демеп, атқа мінгізіп мазақ етеді. Жұрт мазағын шын көрген Ожан өзін «сері» санап, ертеден қара кешке дейін бүлінеді де жүреді. Не елге, не өзіне тигізген мысқалдай пайдасы жоқ, досқа күлкі, дұшпанға таба пенде [5, 196 б.]». Ақан сері өнердің өресін тіршіліктен биік қойып, ел аралаған тұста көкірегі ояу, көзі ашық саналы жастарға өзі секілді әнші-ақындар шығармашылығын дәріптеп, сөз арасының бүлінбеуін, ән сазының жөнді сақталуын қатаң түрде үндеп отырған. Автор Сәкен Жүнісов астарлы сарказм арқылы ақын шығармашылығын қалың оқырманға көркем туынды арқылы дәріптеудің ұтымды штрихтарын пайдаланып отыр.

Шынында да, барлап қарағанда, Ақанның заман адамы деп қарап отырғаны – би, болыс, байлар мен ауылнайлар екендігіне ден қоймасқа болмайды. Жазушы білімсіз ауылнайлар мен қараңғы халықтың құрбаны болған Қадишаның трагедиялық қазасында Ақан сері репликасы арқылы әкімшілік иелерінің әлсіздерге жасайтын қиянат-қорлығын сынайды.

«– Федия, федия дейсің, ә! Қайсың, қане, аузы-басың қисаймай, арманда кеткен қыршынның саудаға салған ажалын?! Өлімді жерде семірген, көртышқан, күзен, қорқаудай молада сүйек кемірген, өлімдік көрсе бас шұлғып, аят оқып, тас жұтып, шулаған өйкей құзғындар! Мүбәрәк жүзің жылтырлап, ішінде қара запыран таһаратсыз аузыңнан құран боп шыққан бұрқырап, көзіңе дүния, тірліктің мысқылдап күнде құм құйып, зекет, підия, пітір – пұл жиған инсафсыз, махлұқ азғындар. Пірәдәрсіп, монтапсып, жалбарынып құдайға, шәждеге күнде бас ұрып, хәрәмдікті жасырып, ұстайтының ораза, тілейтінің жаназа [5, 230 б.]!»! Ақанның аузынан от борап, сөзінен іркілмей, ниетінен жаңылмай Тастан байдың алдына келіп:

« – Ә, Тастан деген сенбісің үсті-басын жүн басқан, қас-қабағын түк басқан. Сенің тіршілікте құшқаның жар емес, ажал екеніне, өзіңнің тажал екеніңе енді көзің жетті ме?! Тірісінде көлденеңге күле қараса, аузын қағып, күлкісінен айырып ең, енді күлдіріп ал Қадишаны. Әне, бауырына қысып еңіреген Сұлтанмұраттан енді неге айырып алмайсың? Өлі дене деп тұрсың ғой?! Ол қашан сенің құшағыңда бойыңда қаны бар тірі дене болып еді. Тұяғымен бүріп, қоян басқан қара бүркіттей тірі өлікті құшып келмеп пе ең. Жеттің енді арманыңа [5, 230 б.]»!

Шығармада Қадишаның бала кезінен малға сатылып қана қоймай, тұрмысқа шыққаннан кейін де тауқымет азабын тартып, қала берді белгісіз надандардан ар азабын тартқан арқалаған тағдыр иесі ретінде бейнеленеді. Сәкен Жүнісов Қадишаның трагедиясын нанымды беру арқылы Ақан характерінің бір қырын де ашып көрсетеді. Осындай көлемді шығарма композициясы жайлы айтқанда, белгілі бір оқиға, ситуация немесе адамдар арасындағы қақтығыс бүкіл шығарма денесіне іштей кірісе біткенде ғана кейіпкер болмысын дәлелдеу ұтымды болса, Ақан шындық пен әділдік жаршысы, жанашыры.

Сәкен Жүнісов өз ортасы, өз дәуірінен озық тұрса да, сол ортаны бұзып, жарып кете алмаған ақынды қанаты қайырылған жаралы жалғыз қазға теңейді. «Қаз да жылайды, қаз да жалбарынады екен. Жан сарайы сау, жемсауы бүтін қарашаны қазір көзін бақырайтып қойып, көк мұзға қысып келеді. Асықпайды. Шағатын жыланша айналасын қоршап, баяу жылжып жақындай береді, жақындай береді. Бауырымен басқан құс мекені – су көлемі бірте-бірте тарылып, алдымен мамық төсін, құйрық қауырсындарын мұз сірестіріп қатырады да, жұмсақ қызыл табанына жетіп, содан қос аяқтап тапжылтпастай етіп тұсайды. Мейірімсіз, дүлей көк мұз осылайша жүрегіне дейін жетіп, болат тұяқтарымен үнсіз сығымдай береді, сығымдай береді, қашан тірі қаз бауырлап қанқанша тоқтамайды.. [5, 285 б.], - деп автор өз дәуірінен қуаныш тауып, көңілін көншітпеген, рахат тауып, жанын тыншытпаған сергелдең хәлдегі Ақан бейнесін,

қанаты қайырылған жалғыз қазбен психологиялық параллелизм арқылы бейнелеген. Қаз да жалғыз, Ақан сері де жалғыз, ол тірек – таянышсыз тұл халде. Жалғыз ұлын арқалап, жапапн түзді бетке алған, көңілі жүдеу Ақан сері. Қазды құрсаулаған көк мұз – Ақанды екі өкпесінен қысқан жалғыздық қайғысының көк мұзы. Яғни, ауыр трагизмдегі Ақан серінің қайғылы кейпімен ортақтаса, бірге мұң-шер арқалатқан қалпымен аяқталады роман [6, 591].

Автордың Ақан сері бейнесін бейнелеудегі ұстанған бағыты аса мығым. Ақан серінің жеке бастың тұрмыс тауқыметін қатты тартқанымен, оның ісі, ой арманы мен өмірге деген талпынысы, құштарлығы, өнері, қадірлі халқының бостандығы, бақыты жолындағы ұлы күресіне бағышталған. Сәкен Жүнісов Ақан образын бедерлегенде, сол ақынның қоғамдағы тарихи орнын көрсетіп қана қоймай, сол заман шындығымен терең ұштастыра білген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұртбай Т. Біртұтас Алаш идеясы. – Алматы: Елшежіре, 2013. – 320 бет.
2. Жұмабаев М. Шығармалары. II том. Өңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. Алматы: Жазушы. 2013. – 376 бет.
3. Негимов С. Шығармалары. Бес томдық / Қазақтың сал-серілері. Монография. Зерттеу мақалалар, эсселер және ой-толғаныстар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 400 бет.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 5- том. Алматы. Қазақпарат., 2006. – 555 бет.
5. Жүнісов С. Шығармалары. – Алматы: Таймас, 2013. Т.2: Ақан сері: роман. 1-кітап. – 320 бет.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық, 9-том. Алматы. Қазақпарат., 2005. – 998 бет.

ӘОЖ 1751

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДЕГІ БИЛІК ШЕШІМ

Жангудина Айнұр Қуандыққызы

zhkadyrov_777@mail.ru

М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ Филология мамандығының 1 курс магистранты,
Петропавл, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Қадыров

Қазақ билері мен шешендері – өздері өмір сүрген кезеңнің басты тұлғасы әрі жемісі. Дегенмен, олардың ақыл-ойы, психологиялық болмысы, сөйлеу әдебі, танымы халықтың тұрмыс-тіршілігінде, өмірінде ғасырдан ғасырға ұласып, үздіксіз дамып, жетіліп, ақыры кемел дәрежеге дейін көтерілген байырғы мәдениет дәстүрлері, дәстүрлі әдет, әлеуметтік тәртіп өлшемдері негізінде қалыптасып, заман, қоғам, әлеуметтік орта талаптарына орай жаңа сапаға иеленген. Олардың адам құқығын қорғау, ел түзету мақсатындағы ойлары мен сөздері, істері мен қылықтары, биліктері мен заманы, заманының тәртібі арасында терең сабақтастық, өзара тәуелділіктің айқын көрінуінің сыры осында. Қазақ хандығының бастапқы кезеңінде өмір сүрген Асан би, Жиренше шешен, одан бергі замандардағы Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Белтірік шешен және басқа билер мен шешендердің өздері де, сөздері де қазақ қоғамының бүкіл дамуын дайындап, белгілі бір дәуір, әлеуметтік орта даралаған ірі тұлғалар болып табылады. Сондықтан қазақ билері мен шешендерінің сөздерінен олардың өз болмыс-бітімі, ойлау даралығы, сөйлесу саралығы мен оларды тарих сахнасына шығарған әлеуметтік дәуір келбеті қатар көрініс тапқан.